

Мемлекеттік үлгідегі диплом беру тәртібі туралы

Қорытынды аттестаттаудан өткен және бакалавриаттың/магистратураның тиісті кәсіптік оқу бағдарламасын меңгергенін растаған және дипломдық жұмысты (жобаны)/магистрлік диссертацияны көпшілік алдында қорғаған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің білім алушыларына МАК шешімімен тиісті мамандық бойынша «бакалавр»/«магистр» академиялық дәрежесі беріледі және қосымшасымен мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

Мамандықтың оқу процесін аяқтаудың негізгі өлшемі-дайындық

Мамандықтың оқу үдерісін аяқтаудың негізгі өлшемі ретінде келесі кредиттер игерілуі қажет:

* **бакалаврлерді даярлауда** – теориялық оқытудың 129 кредиті, практика түрлері бойынша кредиттер (мамандыққа байланысты 6-дан 20 кредитке дейін);

* **магистрлерді даярлауда** (оқу мерзімі - 1 жыл, бейіндік бағыт) – кемінде 28 кредит, оның ішінде теориялық оқытудың кемінде 18 кредиті, практиканың кемінде 2 кредиті, эксперименттік-зерттеу жұмысының кемінде 4 кредиті;

* **магистрлерді даярлауда** (ғылыми және педагогикалық бағыт) – кемінде 59 кредит, оның ішінде, теориялық оқыту бойынша кемінде 42 кредит, практика бойынша кемінде 6 кредит, ғылыми-зерттеу жұмысының кемінде 7 кредит;

* **философия докторларын даярлауда (PhD)** – кемінде 75 кредит, оның ішінде, теориялық оқытудың кемінде 36 кредиті, практиканың кемінде 6 кредиті және ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының кемінде 28 кредиті игерілуі тиіс •

Дипломға қосымша білім алушының жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында және оқу жұмыс жоспарында көзделген көлемде барлық пәндер бойынша алған бағалары, тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), практика түрлері, ғылыми-зерттеу жұмыстары (магистратура үшін) және қорытынды аттестаттау нәтижелері бар **транскриптінің** негізінде толтырылады.

Дипломға қосымшада әрбір оқу пәні бойынша білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша соңғы бағалары, оның кредитпен көрсетілген көлемі жазылады.

Емтихандар мен сараланған сынақтарды **A, A-** «өте жақсы», **B -, B, B+** «жақсы» бағаларымен тапсырған және бүкіл оқу кезеңінде үлгерімінің орташа балы (GPA) 3,5-тен төмен болмаған жағдайда, сондай-ақ барлық

мемлекеттік емтихандарды тапсырған дипломдық жұмысты (жобаны) А, А – «өте жақсы» бағаларымен қорғаған студентке **үздік диплом** беріледі (әскери даярлық

бойынша бағаны есепке алмағанда). Оқу кезеңінде емтихандарды қайта тапсырған білім алушылар үздік диплом ала алмайды.

Мемлекеттік үлгідегі дипломды қосымшасымен беру университет ректорының бітіру туралы бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Бітіру туралы бұйрықты білім алушыларды қорытынды аттестаттау аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде МАК төрағасының ұсынысы негізінде университет ректоры бекітеді.